

## ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МӘТІНДЕРІНІҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДА БЕРІЛУ ДЕНГЕЙІ МЕН ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ

Еркежан АРМИЯ\*  
Ғазиза ШОЙБЕКОВА\*\*\*

**Түйіндеме:** Орхон-Енисей ескерткіштері — қазақ және түркі тарихы үшін аса маңызды жазба ескерткіштер болып табылады. Бұл ескерткіштер көне түркі жазба мұраларының ең үлкен үлгілерін құрайды және түркі халықтарының мәдениеті, тарихы мен тілі жайында баға жетпес деректер береді. Орхон-Енисей жазбаларының ғылыми мәні зор, себебі олар тарихи оқиғалар мен адамзаттың рухани өмірінің көрінісін сипаттайды. Мектеп оқулықтарында Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтіндерінің оқытылуының деңгейі мен олардың оқушыға жеткізілуі өте маңызды. Бұл ескерткіштердің қазақ мектептерінің тарих, әдебиет және тіл пәндері бойынша оқытылуы мектеп білімінің мазмұнын қалыптастыруда маңызды орын алады. Орхон-Енисей жазбаларының оқу бағдарламасында орын алуы, олардың мәтіндері мен мән-мағынасын оқушыларға дұрыс жеткізу тәсілдері осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтіндерінің мектеп оқулықтарында қаншалықты терең және дұрыс оқытылып жатқанын сараптау. Бұл зерттеу барысында аталған ескерткіштердің мәтіндері бойынша оқулықтардағы материалдар, әдіс-тәсілдер мен оқыту деңгейі қарастырылады. Сонымен қатар, оқулықтардағы Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтіндерінің оқушыға түсінікті әрі қызықты түрде берілуі, ғылыми тұрғыда дәлелді баяндалуы мен олардың түркі жазба әдебиетіндегі орны талданады. Орхон-Енисей ескерткіштерінің мектеп оқулықтарында тиімді оқытылу жолдарын анықтап, оларды оқушыларға дұрыс және толықтай түсіндірілетіндей етіп қайта қарастыру қажет деген ұсыныстар жасалады. Бұл жұмыс мектеп оқушыларына түркі мәдениетінің негізгі белгілерін, тарихы мен тілін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** Түркі жазба мұралары, оқытылу деңгейі, тарихи мұра, түркі мәдениеті.

### Stage of Studying the Texts of Orkhon-Yenisei Monuments in School Textbooks

**Abstract:** The Orkhon-Yenisei inscriptions are extremely important written monuments for Kazakh and Turkic history. The largest examples of these monuments of the ancient Turkic written heritage constitute and provide invaluable information about annals, language and the culture of the Turkic people. The Orkhon-Yenisei inscriptions are of great scientific value, as they describe historical events and reflect the spiritual life of humankind. The level of teaching of the texts of the Orkhon-Yenisei monuments in school textbooks and their communication to students is very important. The studying of these monuments play a significant role in Kazakh schools in the subjects of history, literature and language molding the content of school education. The presence of the Orkhon-Yenisei inscriptions in the curriculum and the methods of correctly conveying their texts and meanings to students demonstrate the relevance of this topic. To analyze how deeply and correctly the texts of the Orkhon-Yenisei monuments are taught in school textbooks. This study examines the materials, methods, and level of teaching in textbooks on the texts of these monuments. In addition, the presentation of the texts of the Orkhon-Yenisei monuments in textbooks in a clear and interesting way for the student, their scientifically substantiated presentation, and their place in Turkic written literature are analyzed. It is recommended to identify ways to effectively teach the Orkhon-Yenisei monuments in school textbooks and to revise them so that they are correctly and fully explained to students. This work will allow schoolchildren to better understand the main features of Turkic culture, history and language.

**Key Words:** *Turkic written heritage, level of education, historical heritage, Turkic culture.*

### Кіріспе

Орхон-Енисей ескерткіштері — түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің маңызды мұраларының бірі. Бұл ескерткіштер көне түркі жазба мәдениетінің алғашқы көріністері болып табылады және олардың маңызы түркі тілдерінде жазылған алғашқы құнды тарихи деректерді сақтап қалуында жатыр. Орхон-Енисей жазбаларының мәтіндері ежелгі түркі қоғамының саяси, әлеуметтік, мәдени жағдайы мен дүниетанымын көрсететін маңызды құжаттар болып табылады. Бұл ескерткіштер бүгінгі таңда әлемдік мәдениет пен тарихтың маңызды бір бөлігі ретінде зерттелуде.

\* Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., E-mail: erke0716@mail.ru

\*\*\* Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., E-mail: shoibekova\_gaziza@mail.ru

Қазіргі таңда, Орхон-Енисей ескерткіштері мектеп оқулықтарында оқу үдерісінің бір бөлшегіне айналғанымен, олардың мазмұны мен деңгейіне қатысты бірқатар мәселелер мен сұрақтар туындайды. Осы ескерткіштердің мәтіндерінің мектеп оқулықтарында қалай және қандай деңгейде оқытылуы, оқушылардың тарихи және мәдени көзқарасын қалыптастырудағы маңызы күн тәртібінде тұр. Мектеп оқушыларына көне түркі мәдениетінің негіздері мен түркі жазба мұраларын дұрыс әрі терең түсіндіру қажеттілігі осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Бұл зерттеу жұмысы Орхон-Енисей ескерткіштерінің мектеп оқулықтарында оқытылу деңгейін саралап, олардың оқу бағдарламаларындағы орнын анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу барысында қазіргі оқу жүйесінде Орхон-Енисей ескерткіштерінің мән-мағынасы мен тарихи маңызын жеткізу тәсілдері мен әдістері талқыланады. Мақсат — мектеп оқулықтарында Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтіндерін оқыту әдістемесін жетілдіру және олардың оқу бағдарламасында тиісті орын алуын қамтамасыз ету.

Орхон-Енисей жазуларының мәтіндері көбіне тек олардың тарихын баяндайтын қысқаша мәліметтермен шектеледі. Мысалы, Орхон ескерткіштерінің мәтіндері туралы тек деректер мен фактілер ғана келтіріліп, мәтіннің терең философиялық, этнографиялық және лингвистикалық мағынасы толық зерттелмейді. Бұл, әсіресе, жоғары сынып оқушылары үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.

Қазіргі мектептерде Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтіндерін оқытуда кейбір тың әдістер қолданыла бастады. Мұндай әдістердің бірі – мәтіндерді оқушыларға оқытқаннан кейін, олардың мағыналарын талдап, түсіндірмелі сұрақтар қою. Сондай-ақ, ескерткіштерді әртүрлі тарихи деректермен салыстыру, олардың тілдік ерекшеліктерін зерттеу де маңызды. Бұл оқушылардың көне түркі тілінің ерекшеліктерін түсінуіне және қазақ мәдениетінің тереңдігіне бойлауына мүмкіндік береді.

ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада №15982 тіркелген) бекітілген «Негізгі орта» білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. 2018-2019 оқу жылында «Қазақ тілі» пәні бойынша 8-сынып жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларымен оқып жатыр [44].

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжіртбелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

- 1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
- 2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;

3) тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу және ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытса, қарым-қатынас мәдениетін бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;

4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің мағыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқу бағдарламасы негізінде әзірленді. Мұғалім тоқсан бойынша белгіленген сағат сандарын тарауларға жіктей алады және оқу мақсатына кететін уақытты (сағатты) өзі белгілей алады. Мұғалім белгілі бір тарауда ұсынылған оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін олардың ретін ауыстыра алады, тарау барысында бірнеше рет қайталап ұсына алады және оқушылардың қажеттілігіне сай қосымша оқу мақсаттарын таңдай алады. Бір сабақта кемінде 1-2 оқу мақсатын қамтыған дұрыс.

Мұғалім оқу бағдарламасында көрсетілген тарау атауларына сәйкес сабақтың лексикалық тақырыбын оқулыққа сай таңдап құрастырады және таңдаған тақырыпқа байланысты сағат санын өзі белгілей алады.

1. «Қазақ тілі» пәнінің 8-сыныптағы білім мазмұны
2. Сөйлеу әрекетінің түрлері:

1) тыңдалым және айтылым: дәйексөз, үзінді негізінде мәселені юолжау; әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; астарлы ойды анықтау; тұрмыстық, әлеуметтік мәтін мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау; перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.

2) оқылым: тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру; тілдік құралдар арқылы публицистикалықжәне ғылыми стиль ерекшеліктерін тану; мақала, аннотация, презентация құрлымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндеоді талдау; сілтеме жасау.

3) жазылым: тезистік жоспар құру; мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; аргументативті эссе жазу; БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильді түзетулер жасау, редакциялау.

- 4) әдеби тіл нормалары:

4.1) орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу

4.2) орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.

4.3) лексикалық норма: сөздік қор мен сөз құрам.

4.4) грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері; есімді және етістікті сөз тіркестері; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері; сөйлемнің біріңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелер; жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөліну [44]

1-кесте – 5-сынып үлгілік бағдарламаның көне түркі саласы тақырыптары.

4. Көне түркі руника жазуы	Руника жазуы, көне түркі әліпбиі, көне түркідегі сөздер семантикасы	Тыңдалым және айтылым	8.1.3.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 8.2.3.1 мақала, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация, тезис құрастырып жазу; 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
3-тоқсан			
5. Тасқа жазылған дастандар	Дастандар,	Тыңдалым және айтылым	8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша аннотация жазу; 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>

		Жазылым	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу; 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
6. Көне түркі ескерткіштерінің зерттелуі	Зерттеуші ғалымдар, шетелдік және отандық ғалымдарды Т кестесіне орналастыру, мәтіндегі тілдік құралдар мағынасы	Тыңдалым және айтылым	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тарихи) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
7-сынып			

7. Көшпелілер мәдениеті	Көшпелілер мәдениеті – өркениет бастауы екенін түсіндіру; көшпелілер жазуын оқыту; көне түркі жазуын оқыту;	Тыңдалым және айтылым	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.3.1 мақала, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу; 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру; 8.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
4-тоқсан			
8. Көшпелілердің киіну мәдениеті	Киімдер атауы мен мағынасын оқыту	Тыңдалым және айтылым	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау; 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>

		Жазылым	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру; 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
9.Көшпелілер салтанаты	Сөйлем соңында қабаттасып қолданылатын тыныс белгілер	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
10. Нәтиже сабақ. Көшпелілер ұрпағы	Сөйлем соңында қабаттасып қолданылатын тыныс белгілері	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;

			8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
8-сынып			
11. Көне түркі жазбалары – баға жетпес құнды байлық.	Түркі жазуы туралы мәліметтерді кластерге түсіру	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу

			<a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
12. Құпия тңбалар – ғылым жаңалығы	Көне түркі жазуын сырларын ұғыну, әліпбиін тану.	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
13. Түркі жазба ескерткіштері ортақ мұра.	Түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сөздердің мағынасының ортақтығын оқыту.	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу;

			8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
14. Көне мұра сырлары	Түркі мұраларын оқыту	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
15. Батыр баба Күлтегін мен патриоттық рух	Күлтегіннің орны мен ерлігін оқыту, эпитеттерін талдау, сөз мағынасын оқыту.	Тыңдалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Оқылым	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;

			8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Жазылым	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>
		Әдеби тіл нормасы	8.4.4.1 сөз мағынасын ажырату, фонетикалық-семантикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді мұғалімнің көмегімен түсіну, мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазу <a href="https://adilet.zan.kz">https://adilet.zan.kz</a>

[44].

Қазақ тілінің 5-8 сыныптарының Қазақ тілі оқулығы материалдары ішінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне арналған материалдар бар. Бұл материалдарды фонетикалық, лексикалық, морфологиялық мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар 9-10-11 сыныптарда көне түркі дәуірінен кейінгі кезеңдерге тілдік талдаулар берілгендіктен, көне түркі сөздеріне семантикалық талдау берілмеген.


*4-тапсырма. Мәтіндегі сұраққа жауап беріңіз.*

Алаш арманы

Қазақ елінің бүгінгі территориялық тұтастығының заңды түрде бекітілуі алашорда тарихынан бастау алады. Алаш зиялылары қазақ елінің ұраны «Алаш» екенін орнықтырып, адамзат тарихы мен руханиятына үлес қосатын зияткерлік идея – алаш идеясын қалыптастырды.

Қазақ елінің ел ұраны – қасиетті «Алаш» сөзі көне түркі тіліндегі «бауырластық» мағынасын білдірсе, қазақ тілінде «отан азаматы» деген мағынаны білдіреді. Ел ұранында ел арманы – алаш арманы жасырынып жатыр. Біз әлемде қай деңгейдеміз?


**9-сурет. 5-сынып материалындағы көрінісі.**




[45].

Оқулықтағы берілген материалдарды төмендегі суреттерден көре аламыз. Бұл суреттерде 5, 7, 8-сыныптарға арналған материалдарды көреміз.


10-сурет. 7-сынып материалдары.



11-сурет. 7 сынып материалдары.




12-сурет. 8-сынып материалдары.



Профессор Ерден Қажыбектің Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасында Әзірбайжан білім беру жүйесінде 2-сыныптан бастап көне түркі жазба ескерткіштерінің әліпбиі оқылатындығы туралы айтты. Бұл, әрине, түркі жұрты үшін жағымды жаңалық болғанмен, жаңадан ғана әліпби үйренген бастауыш сынып оқушылары үшін қиындық туғызады. Бірақ бұндай жаңалықты енгізгенде әзірбайжан үкіметі барлық педагогикалық, психологиялық аспектілерді зерделеп барып қосқан болуы мүмкін.

13-сурет. Әзірбайжандағы көне түркі әліпбиінің оқытылуы.





[46, <https://www.facebook.com/profile.php?id=772503698>]

Демек, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін, әліпбиін оқыту өзге түркі тілдерінде қызығушылық тудырып отыр. Ал біздің қазақ тіліндегі «Қазақ тілі» мектеп оқулықтарында түркі жазба ескерткіштеріне, оның ішіндегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін оқытуға арналған сағаттар мүлде аз.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті үшін аса маңызды тарихи және әдеби құнды мұра болып табылады. Бұл ескерткіштердің мәтіндері мектеп оқулықтарында маңызды орын алуы керек, себебі олар оқушыларға көне түркі жазба мәдениетінің негіздерін түсінуге және оның тарихи маңызын бағалауға мүмкіндік береді.

Қазіргі мектеп оқулықтарында Орхон-Енисей ескерткіштері тиісті дәрежеде оқытылмайды, әсіресе олардың мәтіндері мен мазмұны бойынша толыққанды түсіндірмелер мен ғылыми тұжырымдар жеткіліксіз. Сондықтан оқулықтарда Орхон-Енисей жазбаларының мәтіндеріне тереңірек назар аударып, оларды оқушыларға түсінікті әрі қызықты етіп жеткізу қажет.

Зерттеу барысында анықталғандай, бұл ескерткіштерді оқытуда ғылыми дәлдікпен қатар, оқушылардың тарихи және мәдени ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдер қолданылуы керек. Орхон-Енисей ескерткіштерінің мәтіндері мектеп оқушыларымен жұмыс істегенде, олардың мағынасы мен мазмұны жан-жақты талқыланып, тарихи контекст пен мәдени аспектілер ескеріліп оқытылуы тиіс

Оқыту қазақ тілі пәні бойынша көне ескерткіштерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Қазақ жазуы және көне түркі ескерткіштеріне қатысты зерттеулерге шолу жасау міндетіне сай А.Қ. Марғұлан, Т.А. Толықбаев, Ә.Н. Нүсіпбеков, А.М. Бейсенов, Қ.Ш. Мұхамедханұлы, Ж.Ә. Тілепов және басқа да ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Ғалымдардың тұжырымдарын зерделей келе, мынадай тұжырым жасалды: Біріншіден, көне түркі руникалық мәдениеті тек тасқа жазылған жазулар арқылы ғана емес, сондай-ақ біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында қалыптасқан ерекше және бірегей дүниетанымдық құбылыс ретінде сақталып жеткен. Екіншіден, педагогикалық үдерісте көне түркі ескерткіштерді оқытуда тиімді тәсілдерді қолдану маңызды. Оқушыға көне

түркі ескерткіштері туралы толық мәлімет беріп, оны тиімді әдістермен бекіткен кезде ғана сабақ мақсаты іске асады. Үшіншіден, түркі жұртына ортақ тарихи ескерткіштерді оқыту, өз дәуірінің алыптарын таныту да оқушы бойындағы рухты сезімін оята білу басым болуы қажет деп санаймыз.

2. Көне түркі ескерткіштері кең зерттелген тақырып болғанымен, оны мектеп қабырғасында оқыту шешімі кеш қабылданды. Мектеп оқулығында ескерткіш туралы қысқа ғана мәтін беріліп, соған сай тапсырмалар құрастырылды. Дегенмен, мектеп оқулығымен ғана жүріп отыратын мұғалімге, оқушыларға көне ескерткіштер туралы толық түсінік қалыптастыру, меңгерту қиынға соғады. Сондықтан біз осы зерттеу жұмысымызда ескерткіштерді оқытудың тиімді технологиясы мен жолдарын табуға тырыстық.

3. Көне түркі ескерткіштері туралы мектеп оқулығына енген мәтінде оқыту қазақ тілінде емес сыныптардағы оқушылар үшін бірден түсіну қиынға соғатын сөздер көп ұшырасады. Жаңа сөздерді меңгертуде бірден бірнеше сөз туралы түсінік беру, қабылдауы бір деңгейде емес оқушылар үшін оңай болмайды. Сондықтан оқулыққа енетін мәтін түрі тұтас, тұтас емес, арлас, құрамдас мәтін ретінде екшелініп тұрғаны абзал.

4. Көне түркі ескерткіштерін тілдік бағдар, соның ішінде өздік етіс пен тілдік дағдыларды ескере отырып меңгертуге бағытталған тапсырмалар жүйесі ұсынылды және тапсырмаларды бағалаудың критерийлері дайындалды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Сүлейменов О. Азия [Мәтін]: ізгі ниетті оқырман кітабы / О.Сүлейменов. - Алматы: Жазушы, 1992. -229б. –ISBN 5-605-01378-5.
- 2 Базылхан Б. <http://bitig.kz/index.php?lang=k&mod=2&bid=4&les=3>
- 3 Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы., 1996.
- 4 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М.: Наука, 1967. – 513 с. 89
- 5 Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы: оқу құралы / Аманжолов А. – Алматы: Санат, 1996. - 128 б.
- 6 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: В 4-х т. – Москва: Изд. вост. лит., 1963. – Т.II. – 2500 с.
- 7 Орхонские надписи Кюль-Тегин Бильге-Каган Тоньюкук. – Семей: Международный клуб Абая, 2001. – С.264. -113, 190 бб.
- 8 Древнетюркский словарь. – Ленинград: АН СССР, Ин.языкознания, 1969. – 676с.
- 9 Жолдасбекова М. Орхон ескерткіштері. – Астана: «Фолиант», 2001. – 176 б.
- 10 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Алматы, 2002. – 177-180 б.
- 11 Бақытжанов С. «Күлтегінмен келген кие»//Егемен Қазақстан. 2001. – 4-766..5
- 12 Садықов Т. «Күлтегін күдіреті»//Егемен Қазақстан. 2004. – 5-8 бб..7
- 13 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Бірінші кітап. Астана: Күлтегін. 2003, - 390-392 бб.
- 14 Ермекова Т.Н., Ерхожина Ш.Л., Тоқбаева А.Е. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Астана: Арман ПВ, 2018, 256 б.
- 15 Айдаров Ғ. Білге қаған ескерткішінің тілі. А., 1966